



# Талдықорған

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz  
e-mail: taldyk@bk.ru



№48 (1838) Жұма, 29-қараша 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ЕЛ ҚАМЫ

## ҚАЗАҚСТАН – РЕСЕЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒА

2024 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың шақыруымен Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин Қазақстан Республикасына арнайы сапармен келді.

Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путиннің мемлекеттік сапарын екі ел қарым-қатынасының дамуындағы маңызды кезеңге жол ашатын тарихи оқиға деп атады.

– Ресей – Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Бізді мызғымас достық байланыстар, ғасырларға ұласқан тату көршілік қатынас және ортақ тарих біріктіреді. Мемлекеттеріміз осынау мәңгілік құндылықтарға арқа сүйей отырып, келешекті көздеген мазмұнды ықпалдастықты жолға қойды. Бүгінде Қазақстан мен Ресейдің ынтымақтастығы барлық саланы қамтып, бұрын-соңды болмаған жаңа деңгейге көтерілді. Саяси диалог нығайып, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар жандана түсті. Бүгінгі шағын және кеңейтілген құрамда өткен кездесулер мен келіссөздер ашық, іскерлік сипатымен ерекшеленді әрі шын мәнінде нәтижелі болды, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ресей – Қазақстанның ең басты сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға қаржы құйған үш жетекші инвестордың қатарына кіреді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастар тарихында Қазақстан да тұңғыш рет Ресейдің бес ірі сауда серіктесінің санатына қосылғанын мәлімдеді. Бұл екі елдің ынтымақтастық әлеуеті жоғары әрі берік екенін аңғартады.

– Осы оң динамика сақталса, бір-екі жылда өзара саудасаттық 30 миллиардтық межеге жететініне сенімдімін. Қазақстан экономикасына Ресейден келген тікелей инвестиция көлемі 24 миллиард доллардан асты. Соңғы екі жылдың өзінде 4,5 миллиард доллардан астам қаржы құйылды. Қазақстан да Ресей экономикасына қомақты қаржы салды. Бүгінде оның көлемі 8,5 миллиард долларға жетті. Бұдан бөлек, Қазақстанда ресейліктердің



қатысы бар 24 мыңға жуық компания жұмыс істейді. Бұл – еліміздегі шетел капиталының үлесі бар жалпы кәсіпорын санының жартысына жуығы. Аталған көрсеткіштер стратегиялық қатынастарды одан әрі нығайтуға қос тарап та аса мүдделі және бір-біріне сенімі жоғары екенін растайды, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы шақырғаны және қазақ жерінде көрсеткен сыйқұрметі үшін алғыс айтып, сапарының қорытындысына оң баға берді.

– Біз саяси, экономикалық, гуманитарлық салалардағы екіжақты ықпалдастықты егжей-тегжейлі талқыладық. Халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер бойынша пікір алмастық. Жаңа ғана қабылданған Бірлескен мәлімдемеді екі елдің стратегиялық серіктестігін тереңдетуге қатысты асақ міндеттер қойдық. Олардың жүзеге асуына үкіметаралық және ведомстваралық деңгейде қол қойылған, энергетика, көлік, денсаулық сақтау, әділет сияқты түрлі бағыттарды қамтитын құжаттар да септігін тигізеді, – деді Ресей Президенті.

Владимир Путиннің айтуынша, сапар барысында жүргізілген келіссөздер Ресей мен Қазақстанның көпжақты ынтымақтастығын одан әрі дамытуға

нақты ықпал етеді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Жаңа жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Мемлекеттердің басшылары дәстүрлі түрде Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарына тән өзара толық түсіністік, ашықтық пен сенім жағдайында, екіжақты ынтымақтастықтың барлық кешені бойынша жемісті келіссөздер жүргізді, өзекті халықаралық және өңірлік тақырыптар бойынша пікір алмасты, екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетудің перспективаларын қарастырды.

Мемлекеттердің басшылары 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың, 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияның, сондай-ақ 2013 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық туралы шарттың ережелеріне деген айнымас адалдығын растады.

Мемлекеттердің басшылары саяси, сауда-экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарда дәйекті түрде

нығайып келе жатқан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының одақтастық қарым-қатынастарының орнықтылығын атап көрсетіп, екі елдің егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын өзара құрметтеу негізінде мемлекетаралық диалогты дамытуға уағдаласты.

Мемлекеттердің басшылары Қазақстан мен Ресейдің ішкі саяси тұрақтылығына нұқсан келтіру, егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзу әрекеттеріне қарсы бола отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бір-біріне қолдау көрсетуін жалғастыратынын атап өтті.

Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарының қорытындыларын жоғары бағалап, өткізілген келіссөздердің нәтижелілігін және олардың екі ел халықтары үшін ұзақ мерзімді оң нәтижеге бағытталғанын атап өтті.

Уфа қаласында (Ресей Федерациясы) өткен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өңіраралық ынтымақтастығының XX форумының және алдағы уақыттағы Ақтау қаласында (Қазақстан Республикасы) Ресей Федерациясының Бас консулдығының ашылуының маңыздылығын мойындай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев және Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин бірлескен мәлімдеме жасады.

(Толығырақ www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында)

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)

1 жыл – 7638,56 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)

1 жыл – 4566,40 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ИНДЕКС 15771

ИНДЕКС 65771

## ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ ЕЛІМІЗДІҢ ӨНЕРКӘСІП ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ЖАН-ЖАҚТЫ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауы егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көзге алмайтын шынайы іс-жоспарға құрылған тарихи құжат деп білемін. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалып, нақты тапсырмалар беріліп, жаңа міндеттер жүктелген болатын.

Ең әуелі Президент халқымыздың қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүріп жатқандығын, ауқымды реформалар жасалып, еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгергендігін, нәтижесінде халықтың құқықтық мәдениеті артып келетіндігін атап өтті. Сондай-ақ, елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуды, инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсартуды, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалануды, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешуді көздейтін бірқатар

бастамаларға кеңінен тоқталды. Соның бірі өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды екенін ашық айтқан болатын. Бұл тұрғыда біздің өңірде аймақтың экономикасын әртараптандыру, өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамыту бойынша шараларға басымдық беріліп, өндірістік жобалар жүзеге аса бастады.

**Жарылқасын БОЛАТҰЛЫ,  
«Айсұлу» тігін фабрикасының директоры**

## ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ

«AMANAT» партиясының бастамасымен Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында ауыл әкімдерінің басын қосқан форум өтті.



Жиынның басты мақсаты – мемлекет пен қоғам алдында тұрған, ауыл халқын толғандырып отырған өзекті де өткір мәселелерді бірлесіп ашық талқылау, олардың шешу жолдарын іздеу.

Басқосуға Жетісу облысы әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев және орынбасары Диас Есдаулетов, «AMANAT» партиясы орталық аппаратының басшысы Мади Оспанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек, басқарма басшылары мен аймақтағы 113 ауылдық округтің әкімдері қатысты.

Алғаш ұйымдастырылған форум партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, ауыл-аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл әкімдерінің сайлауы және олардың атқарар жұмыстарының негізгі мәселелерін талқылауға арналған алаңға айналды.

Әлібек Жақанбаев қоғамдық-саяси тұрақтылықты және орнықты дамуды қамтамасыз ету әкімдердің басты міндеті екеніне тоқталды.

«Облыс экономикасын одан әрі дамыту мен халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін біз бірлескен, тиімді жұмыстың арқасында өңірдің әл-ауқатын жақсартудағы міндеттерге қол жеткізе алатынымызға сенімдімін», - деді облыс басшысының бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев форумның ашылу рәсімінде.

«AMANAT» партиясы елді мекендердегі кәсіпкерлікті дамытуға, экономикалық ахуалды арттыруға баса назар аударуда. Дәл осы мақсатта форум барысында «Қарызызсыз қоғам», «Құқықтық көмек»

жобаларының және Жол картасы аясында жүзеге асып жатқан жетістіктер талқыланды.

Мәселен, «Қарызызсыз қоғам» жобасын іске асыру үшін облыс орталығында жобалық кеңсе ашылып, осы жылдың 5 ақпанынан бастап Жетісу облысының барлық аудан, қалаларында 7300 адам оқытылды.

Биыл өңірде 349,3 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған, 8 айда 150,2 мың шаршы метр немесе 43% тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 4117 үй беріліп, тұрғын үй кезегі 14%-ға төмендейді. Облыста орталықтандырылған сумен қамту деңгейі 91,1%. Облыстық деңгейдегі 182 шақырым және 54 елді мекеннің ішкі жолдары жөнделіп, Балқаш көліне дейінгі 132 шақырым жолдың 117 шақырымына асфальт төселген.

Форум аясында панелдік сессиялар да ұйымдастырылды. Онда ауыл әкімдері «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру, партиялық жобаларды ілгерілету, қызметті кәсібилендіруге негізделген мемлекеттік қызметтің жаңа принциптер мен қадамдар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік сатып алуды іске асыру, агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың қолжетімді тетіктерін қалыптастыру, кәсіпкерлікке қолдау көрсету және инвестиция тарту шаралары, қоғамдық-саяси ахуал және бұқарамен жұмыс істеу секілді түрлі бағыттарда арнайы мандардан дәріс алды.

**«Аманат» партиясының Жетісу облыстық филиалының мәліметі бойынша дайындалды**

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ӨҢІРДЕ 10 АЙДА 247,6 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Кербұлақ ауданының Алтынемел ауылында 5 үй, Шанханай, Шұбар, Қаспан ауылдарының әрқайсысында 6 үйден пайдалануға берілді. Аудан әкімі Қанат Есболатов ауылдарға арнайы барып, жеке тұрғын үй кілттерін жаңа иелеріне табыстады.

Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда, аудандағы тұрғын үй кезегінде 1603 адам тұр.

Кербұлақ ауданындағы төрт қауылда 23 үй қолданысқа берілді. Сол сияқты жуырда Талдықорған қаласында 17 пәтер кілті кезектегі азаматтарға тапсырылды. Осы аталған жалпы саны 40 үйге халықтың әлеуметтік осал тобындағы отбасылары ие болды.

Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында қазіргі уақытта қарқынды жұмыстар жүріп жатыр.

Ал жуырда Талдықорған қаласындағы «Шығыс» шағын ауданында да 17 отбасыға жаңа баспана берілді.

Жаңа пәтерге ие болғандар қатарында жетім балалар, мүгедектері бар баланы тәрбиелеуші отбасылар, көпбалалы аналар, толық емес отбасылар және Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген азаматтар бар.

Атап өтсек, жалпы өткен он айда Жетісу өңірінде 247,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

## «ТАЛДЫҚОРҒАН-ҮШАРАЛ» МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫ

Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов және «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бас директоры Манас Тасыбаев «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс барысымен танысты.



«Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу инвестициялық жобасын Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы іске асыруда. Жоба Үкіметтің 2024 жылғы экономикалық есуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына кіреді.

Жаңа газ құбырының құрылысы осы жылдың тамыз айында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің Жетісу облысына жасаған жұмыс сапары кезінде басталған болатын.

Бүгінгі таңда 100 шақырымнан астам құбыр дәнекерленген. Құрылысқа 90-нан аса арнайы техника мен 128 жұмысшы персонал жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және қатаң түрде кестеге сәйкес жүргізілуде.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов атап өткендей, бұл нысанның өңір үшін экономикалық маңызы зор. Осы маңыздылықты, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының орындалу жылдамдығын ескере отырып, құрылыс бір жылға жуық мерзімге ертерек аяқталады деп күтілуде.

Осыған байланысты 2025 жылдың соңына қарай 124 мың тұрғыны бар Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 66 елді мекені табиғи газға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Бұл іскерлік белсенділіктің артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, шағын және орта бизнестің дамуына қосымша оң әсерін тигізбек.

## «ЖАРКЕНТ-ҚОРҒАС» КӨЛІК ЖОЛЫ УЧАСКЕСІ ҚОЛДАНЫСТА

Панфилов ауданында ұзындығы 32 шақырым болатын «Жаркент-Қорғас» автомобиль жолының негізгі учаскесі салтанатты түрде ашылды. «Нұр жолы» кеген бекетіне, «Қорғас» ХШЫО-ға, Алтынкөл станциясына, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ға баратын автокөліктер легі дәл осы жол арқылы жүреді.



Ұзындығы 32 шақырым болатын «Жаркент-Қорғас» жолы учаскесі Панфилов ауданының Қырыққұдық, Ақкент, Ават, Атамеке ауылдары арқылы өтеді. Бұл жол өткен ғасырдың 60-70 жылдарында салынғандықтан, соңғы жылдары көлік жүргізушілер мен жергілікті тұрғындарға біршама жайсыздық туғызған еді. Бұл ретте тұрғындар жөндеу жұмыстарының басталғанын қуана құп алып, құрылысшыларға барынша қолдау көрсетті.

Құрылыс жұмыстары осы жылдың шілде айында басталып, белгіленген мердігер ұйымның жол жөндеушілері Жетісу облысы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ филиалының тапсырысымен жұмыстарды бес айдың ішінде аяқталды.

Жол бойындағы елді мекендерде тротуар төселді, жарықтандыру, жаңа жол белгілері мен ақпараттық панельдер орнатылды, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

үшін белгілер қойылды, - дейді «Қазавтожол» АҚ облыстық филиалының директоры Нұрхат Ақылтаев.

Жалпы облыс аумағында республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңғыртуға бағытталған ірі жобалар іске асырылуда. «Үшарал-Достық» республикалық маңызы бар жол пайдалануға берілді. Жуырда «Талдықорған – Үшарал» автожолын қайта жаңарту аяқталады, ондағы жұмыстар 98%-ға орындалды, нысанды толық аяқтау 2024 жылдың соңына жоспарланған. Сондай-ақ, республикалық маңызы бар «Сарыөзек – Көктал» және «Айдарлы-Көктал» автожолдарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, осы жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға 24,9 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 29 жоба іске асырылуда, оның аясында 193,4 км жол жөнделді. Осылайша, 2024 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесін 94% жеткізу жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ПРОИЗВОДСТВО

Этому есть свое объяснение: вместо запланированных в этом году 10,7 тыс. га посева сахарной свеклы составили 13,7 тыс. га, увеличившись сразу на 5,0 тыс. га по сравнению с прошлым годом. И урожайность не подвела - 484,5 центнера с гектара.

«После увеличения размера субсидий за сданную продукцию возрос и интерес крестьян к выращиванию данной культуры. Так, второй год подряд хозяйства завод выплачивает по 15 тыс. тенге за 1 тонну реализованной продукции, из местного бюджета - по 25 тыс. тенге за 1 тонну, в результате чего оплата составляет 40 тыс. тенге. И если вы думаете, что интерес к выращиванию сахарной свеклы спадет в связи с образовавшейся в этом году ситуацией с приемом на заводах, то ошибаетесь. Несмотря на временные трудности, в конечном результате, по нашей калькуляции, земледельцы получат хорошую прибыль, исчисляющуюся в 10-250 миллионов тенге. Поэтому, по нашему мнению, на следующий год необходимо серьезное планирование объема посевных площадей сахарной свеклы с учетом мощностей двух наших сахзаводов, вплоть до того, какое крестьянское хозяйство сколько будет сеять. При этом больше внимания уделить мелким хозяйствам, чтобы они благодаря данной культуре смогли улучшить свои материальные положения», - поделился руководителем отдела сельского хозяйства и земельных отношений Коксуского района Данияр Белижанов, встретивший нас у ворот Коксуского сахарного завода.

На картину дня отозвался и ждущий своей очереди водитель «КАМАЗа» Аскар Ж.

«В прошлом году тоже наблюдалась вереница автомашин, но проходимость была быстрее. В этом году транспорт стоит сутками, и это понятно - повысились площади и урожайность. Я сам стою уже четвертый день, что, конечно, создает трудности в личной гигиене, питании, поддержании тепла в машине. Но надо отметить, местные органы стараются как-то смягчить сложившуюся обстановку: уже вторую неделю три раза в семь дней сельские округа организуют горячее питание, установлены два биотуалета, мусорные баки, каждое утро убирается территория. Тем не менее, от человеческого фактора никуда не деться: всегда есть и будут недозволенные», - отметил водитель.

После нашего разговора владельцу автотранспортного средства повезло проехать на территорию завода, а вместе с ним и нам. Вначале наша машина заехала на весы «брутто» для взвешивания со свеклой. Потом подъехала к сырьевой лаборатории, где производится анализ свеклы на загрязнен-

КОКСУСКИЙ САХАРНЫЙ ЗАВОД РАБОТАЕТ КРУГЛОСУТОЧНО

В середине сентября Коксуский и Аксуский сахарный заводы начали первый прием урожая сладкого корнеплода. С того момента прошло ровно два месяца, и, как показывают очереди простаивающих груженых свеклой автомашин, заводы не успевают их принимать. Да и немудрено - никто не ожидал такого большого урожая!



ность, сахаристость и другие показатели. Затем, проехав на кагатное поле, въехала на наклонный транспортер. При наклоне площадки свекла с машины попала в приемный желоб, а с помощью наклонного транспортера - на землеотделитель. В землеотделителе отделилась земля и свободная ботва, а сама культура попала на укладочный конвейер, транспортирующий ее в кагат. После разгрузки наш водитель, довольный и торопящийся домой, распрощался с нами.

К слову, кагат свеклы имеет форму усеченной пирамиды, и этими длинными пирамидами уже почти полностью заполнено кагатное поле сахзавода. Нос улавливает и определенный специфический запах - легкий запах жома. Специалисты пояснили, что дыхание свеклы, несмотря на прекращение роста, в кагатах продолжается. При этом происходит биологическое разложение сахара, в основном, на углекислоту и воду, которые выделяются в окружающий воздух. Чем выше температура, при которой хранится свекла, тем интенсивнее протекает дыхание и тем выше потери сахара. Поэтому холод более благоприятствует сохранности культуры и сахара в ней.

Погода испортилась, переходя в накрапывающий дождь, и наша съемочная группа передислоцировалась на сам завод, встретивший нас уже горячим воздухом.

Как сообщил директор Коксуского сахарного завода Алтынбек Абаатов, процесс производства свекловичного сахара состо-



ит из многочисленных стадий: очистка сырья от почвы и посторонних предметов, изготовление свекловичной стружки, получение и очистка диффузионного сока, выпаривание сока до состояния сиропа, переработка сиропа в кристаллическую массу - утфель, варка утфеля и получение кристаллического сахара, сушка, охлаждение и хранение сахара-песка. На словах все просто, но на каждом цикле работы задействован большой человеческий труд, а это в общей сложности 460 человек.

Знакомясь с технологией производства, мы, в частности, оказались в лаборатории, где проводится анализ доброкачественности сиропов, из которых варится сахар.

«В ходе работы мы приносим стружку, варим ее, отжимаем, фильтруем, полученную жидкость набираем в колбочки, после еще нескольких процедур в конечном результате проверяем доброкачественность сиропа. Сахар, производимый нашим заводом,



- хороший, чистый, соответствующий всем показаниям», - подчеркнула старший лаборант Олеся Мауэр, работающая на заводе пять лет.

После общения с другими работницами у автоматизированных центрифуг, проводящих варку утфеля и получение кристаллического сахара, мы, наконец, очутились в упаковочном отделе. Белоснежный рассыпчатый песок

- плод длительного и емкого труда крестьян, механизаторов, водителей, заводчан - одним нажатием кнопки выбрасывается из бункера в 25-килограммовый мешок, прошивается и по конвейеру направляется на склад.

«На данном заводе я работаю уже 40 лет, была на других циклах производства, сейчас стою на упаковке. Трудимся 12 часов, ночью сахар загружается в бункеры, а днем мы его упаковываем - это 800 мешков в день, или 200 тонн. Да, бывает,

проходя мимо водителей, они нас спрашивают: Завод не работает что ли? Ответаем: Работает, и при этом круглосуточно. Хорошо понимаем их, но такой урожай уродился», - отметила весовщица Айжан Акимтаева.

К слову сказать, производство свекловичного сахара является высокотехнологичным, и свекла превращается в сахар в течение так называемой «кампании».

«Кампания продолжается 100 дней (от 3 до 4 месяцев), на протяжении которой оборудование работает непрерывно. И это во всем мире так, за исключением нескольких заводов с новейшей технологией в Европе, где длительность работы составляет 140-150 дней. Персонал при этом работает в три смены

круглосуточно. При возникновении пиковых нагрузок могут привлекаться дополнительные рабочие, но завод не должен останавливаться. После 100 дней завод прекращает работу, выполняются ремонтные работы - работы по очистке от скапливающегося налета, уходу и содержанию оборудования, его модернизации. Количество труженников с 460 сокращается до 380, когда производится тростниковый сахар, и до 260 - на ремонтные работы», - рассказал директор завода.

Говоря о модернизации, будем верить в слова акима области Жетісу Бейбита Исабаева об увеличении в скором времени мощностей Коксуского сахзавода.

«Мощность завода - 250 тыс. тонн сахарной свеклы. На сегодняшний день предприятие полностью загружено, а для увеличения мощности в 2025-2026 годах будет привлечено 29 млрд тенге инвестиций. В результате мощность завода будет доведена до

500 тыс. тонн продукции в год», - сказал глава региона в одной из встреч с жителями района. Напомним, на сегодня Коксуский сахарный завод в день принимает 2 тыс. тонн сахарной свеклы, на сегодня - это около 214 тыс. тонн корнеплода и 9 тыс. 150 тонн сахара-песка. Аксуский сахарный завод в день принимает 4,4 тыс. тонны свеклы или 270 тыс. тонн на данное время.

Алма УРАЗАЕВА, Коксуский район

Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ «ҚОРҒАС» ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТУРИСТІК АЙМАҒЫН БІРЛЕСІП ҚҰРУ КЕЛІСІМІ

Қазақстанның Жетісу облысы мен Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында бауырластық орнату туралы келісімнің аясында «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының Қытай жағындағы бөлігінде «Қорғас» ШЫХО қызметін үйлестіру механизмінің өңірлік деңгейдегі бірінші отырысы өтті. Жиын аясында «Қорғас» трансшекаралық туристік аймағын бірлесіп құру жөнінде Меморандум жасалды.



Еске салсақ, Қазақстанның Жетісу облысы мен Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында осыдан бір жыл бұрын «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін үйлестіру механизмін құру жөніндегі құжат қабылданған болатын. Аталған механизмнің бірінші рет өткізіліп отырған өңірлік деңгейдегі алғашқы отырысына екі елдің аталған өңірлерінің ресми делегациялары қатысты.

Жиында екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Бұл ретте жетісулық ресми өкілдер Қытайдан ТМД елдеріне, Еуропа мен Азияға шығатын маңызды бағыттардың қиылысында орналасқан экономикалық өсудің екі нүктесінің бірі Қорғас бағытын дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Соның ішінде «Нұр жолы» өткізу пунктін, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының және «Қорғас» ШЫХО-ның маңызы зор. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында «KTZE-Khorgos» «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты жобасы жүзеге асырылып, қазіргі таңда Қытай инвесторларының қатысуымен индустриялық парктің құрылысы жоспарлануда. Сонымен қатар арнайы экономикалық аймақ аумағында құны 250,0 млрд. теңгені құрайтын жүк және жолаушылар әуежайының құрылысы бойынша Қазақстан-Германия бірлескен жобасын іске асыру көзделген.

Сол сияқты «Нұр жолы» өткізу пунктінде инфрақұрылымдық және өткізу қабілетін арттыру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Электронды кезек жүйесі енгізіліп, жұмыс түрлік бойғы режимге көшті, нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, күніне 800-ден 1600 көлікке дейін ұлғайды.

«Қорғас» ШЫХО-да жүктерді қабылдау пункттері мен рентгендік тексеру автоматтандырылды, қабылдау пункттерінің саны 6-дан 9-ға ұлғайтылып, жүк легі 40% артты. Соның нәтижесінде бұрын орталыққа күніне орта есеппен 2500 адам келсе, бүгінде келушілер саны 6000 - 8000-нан асады.

Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары Өсет Қанағатовтың айтуынша, орталықтың инфрақұрылымын жақсарту кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр. Мәселен, кварталшілік жолдарды және көріздік сорғы станциясының бірінші кезеңін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен қатар газ құбырын салу жұмыстары басталып кетті.

Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстарды жетілдіру жайын айта келе, жетісулық тарап сауда рәсімдерін жеңілдету үшін ынтымақтастық орталығында бірлесіп зертхана салу, шекаралық аймақта заңдылықтың сақталуына бірлесіп жұмылу, «Қорғас» ШЫХО жұмысына қатысты екі жақты ақпарат алмасу сияқты мәселелерді көтерді.

Осыған қатысты қытайлық тараптан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Халық үкіметінің төрағасы Эркин Тунияз ұсыныстарды бірлесіп қарауға дайын екендіктерін айтты. Сол сияқты Қытай делегациясы өкілдері Қазақстандағы «Қорғас» ШЫХО-да инфрақұрылым құрылыстарына, трансшекаралық электрондық коммерцияны және бизнестің басқа да форматтарының аясын кеңейтуге қолдау көрсету, ынтымақтастық орталығының аумағында екінші өткел ашуға

ықпал ету, сол сияқты шекаралық аймақта туристік ынтымақтастықты дамыту туралы ұсыныс білдірді.

Сондай-ақ жиын соңында екі мемлекет басшыларының бірлескен бастамаларының лайықты іске асырылуына бар күш-жігерлерін салатынын айтқан қос тарап бұл кездесу екі жақты сауда-экономикалық, мәдени-туристік, ғылыми-техникалық, сол сияқты ауыл шаруашылығы бағытындағы байланыстарды тереңдету түсетініне сенім білдірді.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін үйлестіру механизмінің өңірлік деңгейдегі бірінші отырысының қорытындысында тараптар «Қорғас» трансшекаралық туристік аймағын бірлесіп құру жөнінде» Меморандумға қол қойды. Соның негізінде тараптар ынтымақтастық аймағы аумағында туристік жобаларды ілгерілетуде ынтымақтасуға, әрбір тараптың туристік бағыттарды әзірлеудегі міндеттерін айқындауға, сондай-ақ туристерді тартуға бағытталған көрме, туристік фестиваль, форум сияқты іс-шаралар ұйымдастыруға ниетті.

Жиыннан соң жетісулық ресми делегация ынтымақтастық орталығындағы Автокөлік көрме орталығына барды. Бұл орталықта Қытайдан шығатын автокөліктер мен оған қажетті түрлі бөлшектер саудаланады. Қытайлық тарап мұндай көліктерге қызмет көрсететін сервистік орталықты қажет жағдайда Жетісу облысынан ашуға болатынын жеткізді.

Бұдан әрі ауыл шаруашылығы өнімдерін инспекциялайтын карантиндік зертхананың салынып жатқан құрылысы көрсетілді. Белгілі болғандай, бұл нысан екі ел арасында ортақ техникалық стандарттың жұмыс істеуіне, яғни қазақстандық аграрлық өнімдердің тексеруден өткізіліп, экспортталуына жол ашпақ. «Бір өнім – бір сертификат» принципі негізінде бұл зертхананың сертификаты екі елге де жарамды болады. Бұл нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ ынтымақтастық орталығы аумағындағы екінші өткел салынатын орын белгіленген. Қытайлық тарап құрылысын жүргізетін бұл өткел екі елдің сауда айналымының ұлғаюына оң ықпалын тигізетін болады.

Жалпы «Қорғас» ШЫХО-дағы инфрақұрылымды жақсартудың нәтижесінде орталыққа тартылған инвестициялардың жалпы көлемі қазақстандық бөлікте 2023 жылмен салыстырғанда 87%-ға ұлғайып, 256 млрд. теңгені құрады. Инвесторлар саны 19-дан 31-ге өсіп, іске асырылатын жобалар саны 26-дан 41-ге дейін жетті. Қазіргі уақытта жалпы құны 13,3 млрд. теңге болатын, 150 жұмыс орнын құрған 6 жоба толық пайдалануға берілді. Сонымен бірге жыл соңына дейін алаңы 8 мың шаршы метр, құны 3 млрд. теңге болатын сауда орталығын ашу жоспарлануда. Оған қоса 2027 жылға дейін құны 240,0 млрд. теңге болатын тағы 34 жобаны іске асыру межеленген, соның нәтижесінде 2 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Еске салсақ, өткен жылдың сәуірінен бийлігі қарашаға дейін «Қорғас» ШЫХО-ға 2,4 млн. адам келді, 36,7 мың тонна жүк тасымалданды, 217,4 млн. теңге сомаға кедендік төлемдер төленген.

**Жетісу облысы  
әкімінің баспасөз қызметі**

## ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ



## ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын ұстанған шаһар басшысына бұл жолы 18 тұрғын жазылыпты. Тұрғындар тұрғын үй кезегі, әлеуметтік

сала, ауланы абаттандыру, көркейту, жер мәселесіне қатысты сұрақтармен келді. Өтінішпен келген азаматтардың сауалына тиянақты жауап берген әкім сала басшыларына тапсырмалар берді.

## СПАРТАКИАДА

## ӘСКЕРИЛЕРГЕ АЛҒЫС

Облыс орталығы Талдықорған қаласының «Оқушылар сарайында» қала әкімі Ернат Бәзілдің қатысуымен Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдері арасында болған спартакиада жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты шара өтті.



Аталмыш шараның шымылдығын қала әкімі Ернат Бәзіл ақжарма тілегімен ашып, қастерлі Отанымызды күн-түн демей қалтқысыз күзетіп жүрген әскери қызметкерлерге алғысын білдіріп, саулауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спартакиада жеңімпаздарына алғыс хатымен бағалы сый-сияпатын тарту етті.

«Бұндай спартакиада біздің әскери қызметкерлер үшін маңызды. Бүгінде Қарулы Күштер қатарында жүрген әскери қызметшілерге спорттың тигізер пайдасы көп. Өткен жарыс кезеңдері, тек спортты насихаттап қоймай, соны-

мен қатар, әскери гарнизондар арасында қарым-қатынасты нығайтып, тәжірибе алмасуға үлкен септігін тигізді», - деді №18404 әскери бөлім командирі полковник Алмас Төлегенов.

Естеріңізге салсақ, аталмыш спартакиада мамыр айынан басталып, 13 спорттық шараны қамтып, оған 300-ге жуық әскери қызметкер қатысқан.

Салтанатты шара қала өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Айта кетейік, Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдері арасындағы спартакиада келер жылы да жалғасады.

## ӨҢІРДІ ДАМУ

## ҚАРАТАЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ҚОРШАУЛАР ЖӨНДЕЛУДЕ



Талдықорғанның жақұты саналатын Қаратал өзенінің жағалауын қоршау жұмыстар қараша айында басталып, аяқталуға жақын, - деп хабарлайды қала әкімінің баспасөз қызметі.

қойылуда. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталмақ.

«Қаратал өзенінің жағасында күнделікті таңертең серуендеймін. Бүгін қоршауларын жасап, көріктендіріп жатқандықтарын көріп, қуанып қалдым. Бұған дейін аңғалсаңғал болып тұратын иесіз қалған үй секілді еді. Осындай игі істерді қолға алып, өсем қаламыздың гүлденуіне өзіндік үлестерін қосып жатқан жандарға мың алғыс. Талдықорғанымыз жайнап, жаңара берсін», - деді 80 жастағы қала тұрғыны Әсия апа.

Естеріңізге салсақ, бұған дейін өзен жағалауын абаттандыру, қоршау жұмыстары 2005 жылдары жүргізілген. Осы уақыт аралағына дейін, қоршаулары ұрланып, кейбірі тозып, жағалаудың көркін бұзып тұрған болатын.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, Қаратал өзенінің жағалауын қайта қалпына келтіру жұмыстары басталып, бүгінгі күні өзен жағалауына 375 метрлік қоршау

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ДӘМ МЕН ДӘСТҮР ҮНДЕСТІГІ

Төл өнім – тек нарықтағы тауар емес, ұлттық болмыстың, мәдениеттің және экономиканың ажырамас бөлігі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан білім мен дағдының, еңбек пен шығармашылықтың нәтижесі. Оның құндылығы тек сапасы мен ерекшелігінде ғана емес, сонымен қатар, тарихында, халықтың өмір салтымен байланысында жатыр. Оны қолдау – ұлттық экономиканы дамытуға, мәдениетті сақтауға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға үлес қосатын маңызды міндет. Бұл үшін мемлекеттік қолдаумен қатар жеке кәсіпкерлердің белсенділігі және тұтынушылардың саналы таңдауы қажет.

Бұл күнде италияндықтардың пицца-сын, жапондардың сушиін, түріктердің донерін, маклюбені білмейтін адам кемде-кем. Бұл тізімге соңғы кездері «хит» болған жүзім, тәттіге малынған құлпынай, дубайлық шоколад пен балмұздақты да қосуға болады. Кәріс, батыс асханасымен көпшілікті өзіне баурайтын мейрамханалар қатары көп-ақ. Ал, «төл өнім, ұлттық тағамдарымыз қаншалықты насихатталып жүр» деген сауал әрқайсымыздың санамызда сайрап тұрғаны жасырын емес. Қолжетімді бағада ең дәмді ұлттық тағамдар, 10 жылдан аса тәжірибе, мыңдаған разы қонақтар. Бұл қазақи меймандостық пен ұлттық ерекшеліктерді сақтай білген этнобағыттағы «Sime.kz» мейрамханасы хақында. Аталмыш мейрамхана тек тағамды ғана ұсынып қоймай, қазақ халқының ұлттық киімдерінен бастап, тарихы, музыкасына дейінгі мәдениетін де көрсетеді. Жылы, жайлы атмосфера әр тұтынушыны қазақ даласының аясына алып келеді. Мейрамхана қызметкерлері салт-дәстүрлер, тағамдардың дайындалуы, құрамы және тарихы туралы ақпарат береді. Ұлттық колориттегі мейрамхана ашу идеясы, мақсат-міндеті жөнінде басшысы Марлен Құрмашев баяндап берді.

– Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұртың жадында жатталып қалған «Ас – адамның арқауы» деген қағида тегін айтылмаса керек-ті. Уақыт өтіп, заман алмасып, ұрпақ жаңарған сайын кейбір ұлттық тағамдар да күнделікті тұрмыс дастарханамыздан ұмытылып бара жатыр. Қазіргі таңда кез келген мейрамханаға кіріп, мәзірін ашып қарасаң толған еуропа, шығыс, одан қалса корей тағамдары. Солардың арасынан жылт етіп бешбармақты ғана көріп қаласың, әрине, бұл, іш ашытарлық жағдай. Өз атамекенімізде бола тұра біз бешбармақтан өзге тағамдарды біле бермейміз. Қазір кез келген адамнан қазақтың 5 ұлттық тамағын ата десең, бірді-екілімен шектеліп қалады. Шыңдығында біздің дастарханамыз өте кең, өте бай, ауқымды. Ұмыт бола бастаған дастархананы дәріптеп, өскелең ұрпақтың жадында сақталып қалса,

қайта жаңғыртсақ, өз тарапымыздан үлес қоссақ деген ниет бар. Бұл ұзақмерзімді жоба. Неге десеңіз, тек қаражат табу көзі ретінде ғана емес, халықты ұлттық құндылыққа үйрету мақсатында жасалынып жатқан дүние. Бұрын тек жаз мезгілінде ғана жұмыс істеп тұрған асхана көлеміндегі мекеме болса, қазір мейрамхана деңгейінде ашылды.

Қазақ дастарханасы – ұлттық дәстүр мен ырыс-берекенің символы. Отбасылық, рухани және мәдени байланыстардың нышаны, ұлттық дәстүрлердің айқын көрінісі. Мұндағы әрбір тағам, әрбір ыдыс – тарихтың, дәстүрдің және қазақ халқының өмір салтының айғағы. Қазақ дастархананың ерекшелігі де оның молшылығында, алуан түрлілігінде және тағамдардың дайындалу технологиясында. «Sime.kz» мәзірінде 90 %-ы ұлттық тағамдар. Қазақ асханасының басым көпшілігі ет тағамдарынан тұратындықтан гендік, сапалық тұрғыдан, талғам тұрғысынан болсын ол бізге жақын. Яғни, қазаққа қазақ мейрамханасы жат емес. Ми палу, үлпершек, балбауыр, қымыз қабырға, бұрма қарын, жажуірек, жілік май, өсіп, ұйқы ашар, сонымен қатар, құрт, ірімшік, жент, сары май, кілегей, балқаймақ сынды сүт өнімдері де бар. Қазақ халқы жылқыны малдың патшасы деп, оған айрықша көңіл бөлгені мәлім. Оның бар қасиеті – сүтінде. Бие сүтінен ауруға ем, сауға қуат берер қымыз дайындалады. Бірде В.Толстиков деген дәрігер: «Қымыз асқазанды емдеп, адамның өзін елдендіреді, оның тәнін жақсартады»- деп жазған екен. Расында да қазақ халқы үшін осынау сусынның орны ерекше. Тіпті қымызсыз қазақ асханасын елестету мүмкін емес. Ұлттық сусынның адам денсаулығына пайдасының мол екендігін медицина мойындап отыр. Атап айтсақ, қан тамырларын тазалайды, сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бастың айналуын, созылмалы сары ауру, ұйқысыздық, ішектегі жара сияқты аурулардың алдын алуға көмектеседі. Ас қорытуға жақсы әсер етіп, иммунитет



уақытта дәстүрлі өнші, күйшілер келіп, өнерлерін тарту етеді. Әлеуметтік желідегі парақшамызда тұрақты түрде «Білгенге маржан» айдарын жүргіземіз. Онда ұлттық құндылыққа негізделген түрлі тақырыптар қамтылады. Сондай-ақ, мейрамхана ішіндегі қолөнермен таныстырып отырамыз.

Ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, құндылықтар мен салт-дәстүрді күн тәртібіне енгізу арқылы талғам мен рух көтеріледі. Ұлттық құндылықтар – елдің рухани арқауы. Онда ғасырлар бойы қалыптасқан, халқымыздың рухани-адамгершілік негізін, өмір салтын, дүниетанымын анықтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан бағалы қасиеттер мен қағидалар жүйесі жатыр. Аталмыш дүниелер уақыт өте келе өзгеріп, дамып, заманауи дүниеде жаңа құндылықтар пайда болып, маңызы өзгеруі мүмкін дерміз. Алайда, негізгі болмыстан ажырамау қай-қайсымызға да міндет. Оны сақтау және дамыту, насихаттау, келешек ұрпаққа жеткізу үздіксіз процесс болуы тиіс. Осылайша біз ұлттық бірлігімізді нығайтып, өткенімен өзара ұштасқан болашағымызды қамтамасыз ете алатынымыз анық.

МӘДЕНИЕТ

ТЫРНАҚАЛДЫ ТУЫНДЫ

Оралхан Бөкейдің «Қасқыр ұлыған түнге» әңгімесінің желісінде түсірілген қысқаметражды фильмнің көрсетілімі өтті. Аталмыш тырнақалды туынды бөксенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекет тарапынан қолдау мақсатында Мемлекет басшысының тағайындауымен жүзеге асырылған «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты аясында жарық көргі.

Жоба авторы және басты кейіпкерді сомдаған актер – Атамұра Мұсаханов, актриса – Ақбота Қаба, режиссері - Елнұр Жоламан, продюсері - Бақыт Жұмаділова. Шығармашылық жоба Алтайдың қысқы атмосферасын жеткізе отыра Жетісу облысы аумағында түсірілген. Әңгімеде көтерілген жол қатынасы, жарық мәселесі, ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігі сынды мәселелер оқиға желісінде кейіпкердің параллельді кеңістіктегі ойлары арқылы көтеріледі. Бүгінгі күні қоғамда орын алып жатқан өзекті мәселелермен ұштасып жатқандай әсер қалдырады. Премьерға қатысқан меймандар «Бұл ұзақ уақытты, сабырды қажет ететін оңай дүние емес. Жерлесіміз үшін қуаныштымыз. Қазіргі

таңда сапасы сын көтермейтін, комедияға негізделген кинолар қатары көбейіп кетті, ал, жастардан жасақталған түсірілім тобы алдағы уақытта деректі, тарихи фильмдерге қарай ойысса» деген ниеттері мен сын-пікірлерін де жеткізді. Айта кетейік, Атамұра Мұсаханов – Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің түлегі, «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-тағы әлемдік деңгейдегі New York Film Academy кинематография және актерлік шеберлік университетінде білімін шыңдап, магистр дәрежесін иеленген. Бүгінде актерлік қырын бірқатар отандық жобаларда сынап та үлгерді.

АКЦИЯ

ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН

Дәстүрлі түрде өтер республикалық «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы басталды. «Жанұя» отбасын қолдау орталығы мен Талдықорған аймақтық әйелдергі қолдау орталығы акция аясында өз қызметтерін ұсынуға. Науқан қабылданған жатқан шаралар жөнінде тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқық бұзушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық құндылықты бағалауды көздеуі.

Іс-шара барысында өңірде құқық қорғау органдарының, жастар бірлестіктерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, психолог мамандардың қатысуымен бірқатар жиын, семинар-тренинг өткізу жоспарлануда. Соның бірі – «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығының қызмет алушыларына «Жанұя» отбасын қолдау орталығы «Шаштараз», «Массаж», «Бет әлпетті көркемдеу» қызметтерін тегін ұсынды.

Айдарбек Намазбаев «Жанұя» отбасын қолдау орталығының заңгері: «Баршаға мәлім, ана мен баланы, жалпы

Бетті дайындаған: Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## ЗАҢ МЕН ТӘРТИП ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» екінші оқылымда қаралып, қабылданды.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мәліметіне қарағанда, ҚР Қылмыстық кодексіне тиісті түзетулер енгізілді. Бұл ретте, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру мен оларды, оның ішінде «есірткіні жасырып кетушілерді» пайдаланып өткізу арасындағы жауапкершіліктің аражігін ажырату ескерілген. Атап айтқанда, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу үшін заңсыз дайындау, қайта өңдеу, өндіру үшін жауаптылықты көздейтін ҚР ҚК-нің жеке жаңа 297-1-бабы енгізілді. Онда мүлкі тәркіленіп, жиырма жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру қарастырылған.

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ «ЖАС ҰРПАҚ» 4 ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ

Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасының тапсырысы негізінде «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі бірнеше жобаны биыл қолға алып, оны сәтті аяқтады. Өз жұмыстары тұрасында өңірлік коммуникациялық қызмет орталығында аталмыш қоғамдық бірлестіктің төрайымы Бақыт Қалиева мен үйлестіруші Дархан Асханбаев баяндады.



Бірінші жоба: «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға көмек көрсету» басым бағыты бойынша «QOLDAU» әлеуметтік бейімдеу орталығы әлеуметтік жобасын ағымдағы жылы жүзеге асырды. Есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды әлеуметтенуге бағыттау, кәсіптік білім деңгейін көтеру, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу және заңгерлік, психологиялық қолдау қызметін үйлестіру, жұмыспен қамту.

Мұнан кейін «Қаржы пирамидалары мен құмар ойындарының алдын алу» басым бағыты бойынша «Jetisu.NET» қаржылық сауаттылық орталығы әлеуметтік жобасы маңызды болды. Жетісу облысы тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыруға жәрдемдесу және алаяқтық схемалар мен «инфобизнесмендерді» әшкерелеуге бағытталды.

Лудоманияның алдын алу бойынша 10 тренинг өткізілді. Ал, «Әкелік институтын нығайту және дамыту» басым бағыты бойынша «Жетісу әкелер мектебі» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылды. Жобаның нәтижесінде, білім басқармасымен өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Бүгінде 50 мектепте «Әкелер кеңесі» жұмыс жасауда.

Сондай-ақ, «Азаматтарды қоғамдық бақылауға тарту» бағыты бойынша да жүйелі істер қолға алыныпты. Құқықтық сауаттылыққа арналған 10 оқу семинары өткізілді. Облыс тұрғындарына кеңестер беріліп, сауалнама алу ұйымдастырылған. Шағын гранттар байқауы өтіп, облыстық форумда жұмыс нәтижелері сараланды.

## ӨЗЕКТІ ОЙНАҚТАҒАН БОТА ОТ БАСАДЫ

Қазіргі кезде кәмелетке толмаған жасөспірімдер қарасында теріс қылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға дейін барып, жауапкершілікке тартылып отырған жағдайлар орын алуға.

Атам қазақ «баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлыңша қина, он төрттен құрдасыңдай сыйла» деп, жол көрсетіп берген. Жеткіншектің бұрыс жолға түсуінің себебі – отбасындағы қиындықтар немесе ата-аналарымен түсінісе алмауларында, сондай-ақ бақылаусыз қалуынан. «Ойнақтаған бота от басады» дегендей ақыры теріс қылықтар жасауға, тіптен қылмыстық бұқық бұзушылықтар жасау арқылы жауапқа тартылып, айыптылар орындығына қалай отырғанын да білмей жатады. Біз бұған күнделікті жұмысымызда күә болып жүрміз. Көп жағдайда ата-аналардың баласының немен айналысып, қайда жүргенін бейхабар екендерін естігенде жағаңды ұстайсың. Сондықтан, бала тәрбиесіне барынша мән беру керек екенін ата-аналар ешқашан естен шығармағаны абзал.

Қазір – жаһандану мен ақпараттық технологиялар дамыған заман. Сол себептен де болар, балалардың ой-өрісінің, ойлау қабілетінің, өмірге көзқарасының кейінгі жылдары өзгере бастағаны анық байқалауда. Оны тәжірбиелі психологтар да растап отыр. Біздің ойымызша, бәріне кінәлі тек ата-ана емес, ал мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің де қолтаңбасы бар. Мойындау керек, сондай-ақ шектен тыс қамқорлықтың зардабы жоқ емес. Қалай дегенмен де бала тәрбиесі тек отбасы мен педагогиканың ғана міндеті емес, оған бүтіндей бір қоғам жауапты. Демек, бала тәрбиесі – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,  
Алматы облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ



«Талдықорған қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысы Қайрат Мәженов баяндама жасап, жыл соңына дейін қала бюджетіне енгізілетін өзгерістер туралы егжей-тегжейлі атап өтті. «Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы Ерлан Ниятбаевтың айтуынша, Талдықорған-Үштөбе автожолын жанар-жағармай құю стансасынан Еңбек ауылына дейін, қайта жаңарту және осы бағытта жарықтандыруға қатысты жоба толығымен әзір, тек қаражат мәселесі шешілсе болғаны. «Қызыл тас» және «Қаратал» саяжай кооперативіндегі су құбырының құрылысы мен іске қосылуының жай-күйі туралы «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ басшысы Алмас Барлыбеков баяндап, жыл аяғына дейін саяжай тұрғындарының ауыз сумен қамтылатынын айтты. «Қызыл тас» саяжай кооперативіндегі су құбырының құрылысы және іске қосу жұмыстарымен «Қарасай құрылыс» ЖШС айналысуда.

Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында шаһар тұрғындары үшін маңызды бірқатар мәселелер қаралып, талқыланды. Күн тәртібіне Талдықорған қаласының бюджетіне өзгерістер енгізу, Талдықорған-Үштөбе жолдарының белгілі бір аумағын қайта жаңарту және осы бағытта жарықтандыруды ұйымдастыру, «Қызыл тас» және «Қаратал» саяжай кооперативіндегі су құбырының құрылысы мен іске қосылуының жай-күйі туралы және өзге де түрлі тақырыптар қойылды.

Алмат БАЙҒАЗИНОВ, «Қарасай құрылыс» ЖШС директорының орынбасары:

– Біз 2023-2024 жылдар аралығында «Қызыл тас» саяжайына су тарту жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Өзімізге берілген міндеттемені уақытында орындадық. Тек құбырларды жуу және зарарсыздандыру жұмыстары қалды. Оны да 95 пайызға аяқтадық. Зертхана сынама-сының нәтижесін ғана күтіп отырмыз. «Қызыл тас» саяжайы таулы аймақта орналасқандықтан да құбырларды жүргізуде біраз қиындықтар болды. «Қызыл тас» саяжайындағы жұмыстар аяқталысымен «Қаратал» саяжайын ауыз сумен қамту ісі қолға алынады. Оған жауапты мекемелер біздің нәтижемізді күтіп отыр.

Кеңес отырысында Талдықорған қаласының сәулеті мен қала құрылысына қатысты атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтылып, пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару мәселелері де ортаға салынды. Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан баяндамашыларға сауалдар қойылып, ескертулер де айтылды.

Өз тілшіміз

## АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік – қазақтың басты бақыты және құндылығы, баға жетпес байлығы. Қазақ елі ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да зор.

Елімізде 1991 жылдан бастау алған осы оң өзгерістің, Қазақстанның әлем елдері арасында тың серпілістердің бастауы болғандығы анық еді.

Тәуелсіздік жылдарындағы облысымыздағы күрделі ахуалдар мен шешілу жолдары мемлекеттік сақтаудағы архив құжаттарында сақталған. Облыстық архив құжаттарында жалпы елдің, әр облыстың дамуы, халықтың жай-күйі туралы құнды деректер бар.

Жетісу өңірінің тарихи архив құжаттары бетінде сан тарауға бөлініп, сақталып, болашақ ұрпаққа аманатталады. Тәуелсіздік жылдардағы облыс, қала, ауыл тарихының мәні мен маңызы зор.

Жетісу облысының мемлекеттік архивінің құрылуы 1944 жылдан бастау алып, 2024 жылы 80 жылдық тарихы бар мекемеге айналуы біз үшін қуанарлық жағдай. Сан өзгерістер орын алған еліміздің болмысын баяндайтын құнды деректердің көзі болып табылатын бір ғана мекеме бар. Ол – архив.

Мәселен архив қоры құжаттарында, яғни 1994 жылы облыстық мәслихатта-депутаттар жиналысында тексеру комиссиясы, халық шаруашылығындағы экономикалық реформа, қаржы мәселелері және бюджет жөніндегі, заңдылықты сақтау және азаматтар құқын қорғау мәселелері жөніндегі, аграрлық мәселелер және азық-түлік жөніндегі, жастармен жұмыс, білім беру және мәдениет жөніндегі, әлеуметтік қорғау, халық денсаулығын және қоршаған ортаны сақтау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың жұмыс нәтижесі, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы шешімін тапқан мәселелер жазылып, осы күнге дейін сақталған (ЖОМА 584 қ., 1 т., 13 і., 12-14 бб.).

Сонымен қатар, 1994 жылғы облыста халыққа медициналық қызмет көрсетудің және дәрілермен қамтамасыз етудің жайы мен оларды жақсартудың шаралары туралы «Талдықорған облыстық мәслихатта-депутаттар жиналысы» қаулысынан: – Жалпы облыс бойынша түрлі медициналық техника жабдықтарымен, дәрі-дәрмекпен, екпе сулармен /вакцина/ қамтамасыз ету жүйесі біртіндеп қалыптасып келеді, мемлекеттік меншіктен тыс медициналық мекемелер ашылууда» (ЖОМА 584 қ.,



1 т., 6 і., 52-57 бб.) – деп көрсетілгендей медицинаның қоғамдағы, өміріміздегі алар орнының ерекше екендігін және жыл өткен сайын азаматтардың денсаулығына мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау, осының айғағы. Бұл да еліміздің тәуелсіздігінің нәтижесі.

Әр елдің діні, тілі халқының жүрегінде басты орын алатыны белгілі. Мәселен, 2003 жылғы архив құжаттарында «Білім жүйесіндегі жоғары, арнайы орта, орта оқу орындарында қазақ тілін мемлекеттік деңгейге көтеру мен оның қоғамдық – саяси және әлеуметтік өмірімізде қолданылу аясын кеңейту, сонымен бірге туысқан халықтар тілдерін жан-жақты дамытып, өркендету барысында атқарылып жатқан шаралар біршама» (ЖОМА 555 қ., 2 ж.т., 845 і., 1-3 бб.).

Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдарындағы облыстағы көші-қон және демография жөніндегі басқармасының 2003 жылғы есебінде Талдықорған қаласы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтығы 571 адамға берілді, оның ішінде Моңғолиядан – 389, ҚХР – 10, Өзбекстаннан – 159, Қырғызстаннан – 7, Ресейден – 3, Түркіменстаннан – 2, Әзірбайжаннан – 1 адам.

Көші-қон саясатынан басты бағыты – қандастарды жұмысқа орналастыру және оларға әлеуметтік қолдау көрсету болған еді (ЖОМА 555 қ., 2 ж.т., 858 і., 1-2 бб.).

Яғни архив қорларынан әлеуметтік қорғау, заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары және қоршаған ортаны қорғау, экономика, жастармен жұмыс, халықтың денсаулығын қорғау, білім және мәдениет салалары туралы толық ақпарат алуға болады.

Әр сала бойынша тоқталған бұл архив деректері облысымыздағы қиын да, күрделі кезеңдермен қатар дамуға ұмтылған Тәуелсіз Қазақстанның Жетісу өңірінің көрсеткіштеріне қысқаша шолу еді.

1994, 2003 жылғы жазылған көрсеткіштермен салыстырғанда соңғы онжылдықта түбегейлі оң өзгерістер орын алғандығы куантанды.

Тәуелсіздігіміз баянды, көк байрағымыз көкте желбіреп, тарихымыз мәңгілік болсын! Тәуелсіз мемлекетіміз – Қазақстан дами бер, өркендей бер! Мемлекетіміз қуатты, күніміз шуақты болсын!

Кенже КАНАПИЯНОВА,  
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2024 жылы медициналық ұйымдарға шамамен 2,1 трлн теңге төледі. Бұл биылғы медициналық көмекті қаржыландырудың жалпы көлемінің 79%-ын құрайды. Медициналық ұйымдарды қаржыландырудың барысы туралы есебі бойынша бүгінде елімізде амбулаторлық дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда шамамен 2 трлн 122 млрд теңге төленді.

«20 қарашадағы жағдай бойынша қаңтардан қазан айына дейін көрсетілген қызметтер үшін 1959 медициналық ұйымға төлем жасалды. Бұл ретте, 1-тоқсандағы медициналық қызметтерге төлем 100% құраса, сәуірден қыркүйекке дейінгі кезең бойынша 95% төленді. Қазір қазан айына төлем жасау жұмыстары жүргізілуде, ал желтоқсан айының басында қараша айын жабу



бойынша жұмыс басталады. Яғни қаржыландыру кезеңдері қалпына келтірілді және ай сайынғы негізде жалғасады», - деп мәлімдеді ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

## СЕМІЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛУ

Семіздік - қазіргі денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Балалардың семіздігі 6-11 жасстан және 12-17 жасстан бастап жасөспірімдер тобында анықталады.

Инсулиннің шамадан тыс шығарылуы тез сіңірілетін, көмірсуларға бай тағамдарды тамаққа қолдану кезеңі пайда болады: ұн, құрамында крахмал бар көкөністер, қант, сироптар, тәтті газдалған сусындар, нан, макарон, тәттілер, фаст-фуд және т.б. Мұндай көмірсулардың көп мөлшерін тұтыну семіздікке және отырықшы өмір салтына әкеледі.

Балалар мен жасөспірімдердегі семіздік қауіпті ауруларға әкелуі мүмкін. Жүрек-тамыр аурулары жиі дамиды, омыртқа мен буындардың ауруы, жоғары қан қысымы, инсульт, ұйқының бұзылуы, қант диабеті ауруы дамуы мүмкін. Артық салмағы бар балалар көбінесе стресске шалдығады және өзін-өзі бағалауы төмендейді, өйткені олар қоғам мен құрдастарының семіздікке қатысты айыптауын естиді. Психосоциалды жағдай, мектептегі тұрақты жағымсыз атмосфера, стресс, туыстарынан айырылуы немесе шок метаболизмді бұзып, артық салмақты тудыруы мүмкін.

**Балалардағы семіздіктің дамуының қосымша факторлары:**

- ▶ жүктілік кезінде ананың үйлесімсіз және жеткіліксіз тамақтануы;
- ▶ емізбеу;
- ▶ балаларды ересек тамақтануға ерте ауыстыру;
- ▶ тәуліктік рационда көкөністердің, жемістердің жеткіліксіз саны;

▶ қантты көп тұтыну.

Дене салмағының индексі өлшеу арқылы арнайы формуламен анықталатын семіздікті анықтау критерийі бар. ДСИ= дене салмағы (кг) / биіктігі (м<sup>2</sup>). Нәтижесінде, ДСИ 25-тен жоғары болған кезде артық салмақ, 30-дан жоғары-семіздік.

Артық салмақ дәрежесіне байланысты 1, 2, 3, 4 дәрежеге бөлінеді. 1 дәрежелі семіздік дене салмағының 29%-дан асады, 2 дәрежелі семіздік - 30-40%, 3 дәрежелі семіздік - 50-99%. 4 дәрежелі семіздік 100%-дан жоғары.

Ата-аналардың негізгі міндеті - балалардың дұрыс тамақтану әдеттерін және белсенді өмір салтын қалыптастыру. Балаларды үстел басында теледидар бағдарламаларын, ұялы телефондарды, гаджеттерді көрмей тамақтануға, салауатты өмір салтын ұстануға, күн сайын спортпен шұғылдануға, көкөністер мен жемістерді көбірек жеуге, тәтті сусындарды тұтынуды шектеуге, диетаны енгізуге үйретіңіз.

**С.АХАН,**

«Талдықорған қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

**А.ӘБДІҚАДЫР,**

«Талдықорған қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-нің, санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысының м.а.

## МЕЙІРГЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ БАС МЕЙІРГЕРДІҢ РӨЛІ

Медициналық ұйымның тиімді жұмыс істеуі және пациенттердің жоғары сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз етілуі көптеген факторларға тәуелді. Осы факторлардың бірі - мейіргерлердің кәсіби қызметі. Мейіргерлер денсаулық сақтау саласының маңызды бөлігін құрайды, өйткені олар пациенттердің күтімін ұйымдастырады, дәрігерлермен бірге жұмыс істеуді және пациенттерге медициналық көмек көрсетеді. Осыған орай, медициналық ұйымдағы мейіргерлік қызметті тиімді ұйымдастыруда бас мейіргердің рөлі ерекше маңызды.

**1.** Бас мейіргердің ұйымдастыру қызметі Бас мейіргер - медициналық ұйымдағы мейіргерлік қызметті басқаратын жетекші тұлға. Оның негізгі міндеті - мейіргерлердің жұмысын тиімді әрі үйлесімді түрде ұйымдастыру. Бас мейіргер мейіргерлердің жұмыс кестесін, міндеттерін, қызмет көрсету стандарттарын бақылап, олардың сапасын қадағалайды. Сонымен қатар, мейіргерлердің қажеттілігі мен жұмыс көлемін анықтап, ресурстарды тиімді бөлуге жауапты.

Кәсіби даярлықты қамтамасыз ету. Мейіргерлердің кәсіби деңгейін көтеру үшін бас мейіргер олардың білімін үнемі жаңартып, жаңа медициналық технологиялар мен әдістерді енгізу туралы қамқорлық жасайды. Бұл үшін түрлі оқу курстары, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылады.

Клиенттермен қарым-қатынасты басқаруға да кіреді.

**2.** Мейіргерлердің жұмысын үйлестіру және бақылау. Бас мейіргер мейіргерлердің жұмысын үйлестіру мен бақылаудың маңызды аспектісі болып табылады. Ол әр мейіргердің

күнделікті міндеттерін бөліп, қызметкерлердің жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Деректер мен статистиканы қадағалау. Медициналық мекемелерде әртүрлі көрсеткіштер мен деректерді жинау маңызды болып табылады.

**3.** Этикалық және құқықтық мәселелерді шешу. Медициналық ұйымдағы бас мейіргер этикалық және құқықтық мәселелерді шешуге де қатысады. Мейіргерлердің пациенттермен және әріптестерімен қарым-қатынасында этикалық стандарттарды сақтауға бақылау жасайды. Сондай-ақ, бас мейіргер медициналық қызметкерлердің жұмысын құқықтық нормаларға сәйкес ұйымдастырады.

**4.** Бас мейіргердің жетекшілік қабілеттері. Медициналық мекемедегі бас мейіргер тек басқарушы ғана емес, сонымен қатар жетекші болып табылады. Оның көшбасшылық қабілеттері мейіргерлердің жұмыс мотивациясын арттыруда, оларды кәсіби жетістікке жетелеуде маңызды рөл атқарады. Бас мейіргердің шешімдері мейіргерлердің моральдық-этикалық жағдайына әсер етіп, олардың кәсіби дамуында ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, бас мейіргердің мейіргерлік қызметті ұйымдастырудағы рөлі үлкен әрі маңызды. Оның басшылығымен медициналық ұйымдағы мейіргерлердің жұмысы тиімді және үйлесімді түрде жүзеге асырылады, бұл пациенттерге сапалы көмек көрсетуге ықпал етеді. Бас мейіргердің кәсіби, көшбасшылық және ұйымдастырушылық дағдылары медициналық мекемелердің жұмыс сапасын арттырып, мейіргерлік қызметтің деңгейін көтереді.

**ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Студент: Мақпал АРМИБЕК,  
Жетекші: Гүлера АДАҚ

## БАЛА ЖАСЫНДАҒЫ СТОМАТОЛОГИЯ

Тіс аурулары бала денсаулығына үлкен әсер етеді. 5 жасқа дейінгі балаларда тіс ауруларының алдын алу өте маңызды, өйткені бұл кезеңде тістердің дамуы мен қалыптасуы жүріп жатыр.

**1.** Тіс күтімінің басталуы: бала дүниеге келгенде оның алғашқы тісі шыққанға дейін ауыз қуысы мен тілін таза ұстау керек. Туғаннан бастап, жаңа туған нәрестелердің ауызын таза жұмсақ шүберекпен сүрту маңызды.

**2.** Баланың бірінші тісі әдетте 6 айдан 1 жасқа дейін шығады. Бұл уақытта балалардың тістеріне күтім жасау өте маңызды, өйткені олар алғашқы эмальға ие болады.

**3.** Баланың тамақтану тәртібі. Қантты тағамдар мен сусындарды көп тұтыну тіс кариесінің дамуына себеп болады. Балаларға зиянды тағамдардың орнына көкөністер, жемістер мен сүт өнімдерін көп тұтынуға кеңес беріледі.

**4.** Балалар үшін тіс щеткасы мен тіс пастасын таңдау өте маңызды. Балаларға арналған тіс пастасының құрамында фтор болуы керек, бірақ оның мөлшері шектеулі болуына назар аудару қажет. Баланың тістерін күніне екі рет тазалау керек: таңертең және ұйықтап алдында. Бала 2-3 жасқа келгенде, тіс тазалауға көмек көрсету қажет.

**5.** Балалардың тіс ауруларының алдын алудың маңызды кезеңдерінің бірі - балалар стоматологымен жоспарлы тексерулерге бару керек. 1 жасқа толғаннан кейін, бала алғашқы тіс дәрігеріне баруы тиіс.

**6.** Балаларда кариес пен басқа да тіс ауруларының алдын алу үшін профилактикалық шараларды қолдану маңызды. Бұған фторлауды қолдану, арнайы тіс эмальын қорғауға арналған гельдер мен лактармен емдеу, сондай-ақ тіс дәрігерінің арнайы ұсыныстары бойынша тістерді күту кіреді.

Баланың тіс күтімін ерте жастан бастау, салауатты өмір салты мен гигиеналық әдеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

**ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Білімгер: Айдана ТЛЕУБЕКОВА, СД-511  
Жетекші: Ш. ИБРАЕВ

## БАЛАЛАРҒА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҮЙРЕТУ

Балалар денсаулығы әрқашан бірінші орында тұра-тындықтан салауатты өмір салтын қалыптас-тыруды талап етеді. Балалармен күнделікті жұмыс ба-рысында жеке гигиеналық ережелерді сақтап, гигиеналық дағдылар жасына қарай үнемі жетілдіріліп отыруы керек.

Анықтама бойынша «салауатты өмір салты» адамның өмір салты, оның мақсаты - аурулардың алдын алу, физикалық және психикалық денсаулықты нығайту болып табылады.

Салауатты өмір салты ережелеріне, дұрыс тамақтану, күнделікті жаттығу, түнде тамақтанбау, сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішу кіреді. Газдалған сусынның орнына таза су немесе шырын ішкен жөн. Күйзеліске ұшырамауға тырысыңыз.

Күн тәртібін құрып, ұстануға тырысыңыз. Контрасты душ қабылдаңыз. Бұл оянуға көмектеседі, сонымен қатар сіздің денеңізге жақсы әсер етеді.

Жамаңа әдеттерден арылуға тырысыңыз.

**ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Білімгер: Арайлым БЕЙСЕНБЕК, СД-511  
Жетекші: Р. ДОСЫКЕНОВА

## БЕЛСІЗДІКТІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Урологтардың мәліметінше, Қазақстанда белсіздік дегеніміз бұрын-соңғы мұндай көп болмапты. Қазір ер-азаматтар мамандарға көрінуге намыстанып, ем қабылдамайтын көрінеді. Ал оның соңы мүлдем ұрпақсыз қалуына әкеп соғады. Әлеуметтанушылар соның салдарынан талай шаңырақтың шайқалып жатқанын алға тар-тып отыр.

Уролог-андролог Ернұр Айнаевтың айтуынша, белсіздіктің ең ауыр түрі - азооспермия диагнозымен бұрын айына тек 1 пациент келсе, қазір олар айына кем дегенде 25-26 пациентті қабылдайды екен.

Көп жағдайда адамдар баланың болмауына әйелді кінәлайтын көрінеді. Бірақ маман мұнымен келіспейді. Айтуынша, оның орта жастағы пациенті жылдар бойы балалы бола алмаған. Сол себепті, 3 рет ажырасып, 3 рет қайта үйленген. Ақырында кінә өзінен екені анықталыпты.

Ал әлеуметтанушы Салтанат Оразбекованың пайымынша, ер кісілердің бұл жағдайға қол сілтей салуы қоғамдағы қысымның, тым намысшыл болудың салдарынан көрінеді. Соның кесірінен ажырасудың саны артқан. Статистикаға сүйенсек, биыл 48 мыңнан астам отбасы ажырасып кетіпті. Бұл - өткен жылмен салыстырғанда, 19 пайызға көп көрсеткіш.

Мамандар ерлер арасында белсіздіктің белең алуы жастардың сыраға құмарлығынан және жыныстық қатынаста жұқтырған түрлі ин-фекция салдарынан болып отыр деседі. Сондықтан олар мектепте жыныстық сауаттылықты үйрететін арнайы пәннің болғаны жөн деп санайды.

**ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Білімгер: Зәмзәм ҚҰРАМЫС,  
Жетекші: Айгерім ЕЛЮБАЕВА



**Таза Қазақстан**  
Жалпыұлттық экологиялық акция

## АКЦИЯ АЯСЫНДА

Облыс орталығы Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында орталық саябақта сенбілік өтті.

Тазалық шарасына қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов қатысып, жалпы бұндай акцияны барынша қолдап, әсем қаламызды одан әрі гүлдендіру керектігін айтты.

Сенбілік облыс, қала әкімдігінің аппараты, облыстық басқарма қызметкерлерінің қатысуымен өтті.

Сенбілікке 200-ге жуық адам қатысып, саябақтың жол жиектері мен арық жүйелері тазаланып, 10 дана техника жұмылдырылып, 300 м<sup>3</sup> қоқыс шығарылды.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

## ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕҢСІЗДІГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕР КАРТАСЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс істейтін жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін қаржыландыру бойынша кедергілерді анықтады.

2021 жылдан бастап мемлекеттік балабақша педагогтері біліктілік санаттарына сәйкес келесідей үстемеақы алады:

- педагог - шебер жалақының - 50%,
- педагог - зерттеуші - 40%,
- педагог - сарапшы - 35%,
- педагог - модератор - 30%.

Бұл ретте жекеменшік балабақшалар аттестаттаудан өту және өз педагогтерінің біліктілігін арттыру талаптарына қарамастан, мұндай үстемеақыларды төлей алмайды. Бұл жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесінде тиісті коэффициенттің болмауына байланысты (ҚР БҒМ №597 бұйрығы).

Бұл кедергіні жою үшін Кеңес мүшелері жеке және мемлекеттік мекемелердің тәрбиешілеріне тең жағдай жасау үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді ұсынды.

Аталған мәселе республикалық кедергілер картасына енгізілді және уәкілетті органдардың қарауына жіберілетін болады.

## БАЛАБАҚШАЛАРДЫ КЕҢЕЙТУГЕ ҚАТЫСТЫ КЕДЕРГІЛЕР ЖОЙЫЛДЫ: САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР ӨЗГЕРТІЛДІ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаменті кедергілерді анықтау және жою жөніндегі кеңестің отырысында Жетісу облысындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы әкімшілік кедергілер бойынша мәселені талқылады. Негізгі тақырыптардың бірі санитарлық ережелермен белгіленген балабақшалардағы дәретхана бөлмелерінің минималды аумағын талап ету болды.

Денсаулық сақтау Министрлігінің 2017 жылдан бастап қолданыста болған бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелердегі дәретханалардың ауданы кемінде 16 шаршы метр болуы керек. Бұл талап 2021 жылға дейін салынған балабақшаларды кеңейту мен жаңғыртуға үлкен кедергі болды.

Отырыс қорытындысы бойынша санитарлық ережелерге өзгерістер енгізу ұсынылды. Нәтижесінде, уәкілетті орган норманы қайта қарастырып, аталған әкімшілік кедергі Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №81 бұйрығымен жойылды.

Бұл өзгерістер мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті жақсартады, балабақша иелері үшін шығындарды азайтады және мекемелерді дамыту үшін икемді жағдайлар жасайды.

Ернар МАТИБАЕВ,

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бас маманы

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМӨҢКЕСІ**  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ЯРМАРКА

**30 ҚАРАША/ НОЯБРЯ 08:00**

ТАЛДЫҚОРҒАН Қ/С/Ы, ЖЕЛТОҚСАН 19/5 «ӘЛЕУМЕТТІК БАЗАР»  
Г. ТАЛДЫҚОРҒАН, УЛ. ЖЕЛТОҚСАН 19/5 «СОЦИАЛЬНЫЙ РЫНОК»

## ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖЕТІСУ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТЕДІ

Талдықорған қаласының әкімдігінің бастамасымен және Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасының қолдауымен 2024 жылдың 30 қараша күні Талдықорған қаласында Жетісу облысы тауар өндірушілерінің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізетіндігін хабарлайды.

### Өтетін орны және сағаты:

Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі 17 «Әлеуметтік базарында» сағат 8.00-ден басталады.

## В ТАЛДЫҚОРҒАНДА ПРОЙДЕТ ЯРМАРКА СЕЛЬСКОХОЗПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

По инициативе акимата города Талдықорған при поддержке управления сельского хозяйства области Жетісу будет проведена сельскохозяйственная ярмарка производителей товаров области Жетісу.

### Место и время проведения:

г. Талдықорған, улица Желтоқсан, 17, «Социальный рынок», начало с 8.00 час.

## ВНИМАНИЮ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ!

# НЕ ПЛАТИШЬ НАЛОГ – ПЛАТИ БОЛЬШЕ:

## дополнительные расходы при принудительном взыскании

Департамент государственных доходов по области Жетісу напоминает, что 1 октября текущего года истек срок уплаты налога на имущество физических лиц за 2023 год.

Налог на имущество физических лиц исчисляется на основании стоимости объектов налогообложения, определяемой Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и фактического срока владения имуществом на праве собственности.

Начисление налога было направлено собственникам в июле месяце текущего года, в т.ч. пользователям мобильных приложений банков второго уровня направлены PUSH-уведомления.

Со 2 октября 2024 года лицам, не оплатившим своевременно сумму налога, направлены уведомления о налоговой задолженности физических лиц.

Важно понимать, что по суммам задолженности

более 1 МРП (3 692 тенге) через 30 рабочих дней после вручения уведомления будет направлен приказ о принудительном взыскании задолженности, который через 5 рабочих дней передается на принудительное взыскание частным судебным исполнителям.

При этом, частными судебными исполнителями кроме суммы задолженности дополнительно взыскивается оплата, размер которой достигает до 25% от суммы налоговой задолженности, не говоря уже о неудобствах, вызванных арестом счетов и ограничением на выезд.

Таким образом, во избежание лишних затрат и вопросов рекомендуем срочно оплатить налог на имущество.

Уплатить налог можно через мобильные приложения e-Salyq Azamat, БВУ, портал «Электронное правительство», в отделениях БВУ, а также с помощью банковских карт в банкоматах и платежных терминалах.

## АЙБЫН

# ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті мен Қазақстан Жазушылар одағы арасында

маңызды ынтымақтастық Меморандумына қол қойылды. Бұл құжаттың мақсаты – шекарашы сарбаздарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге, олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын арттыруға, сондай-ақ әдебиет пен мәдениет арқылы жастарды Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Меморандумға ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығының міндетін уақытша атқарушы, полковник Фархад Темешұлы Жалмағамбетов және Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Әбдешұлы Құлқенов қол қойды. Осы келісім аясында тараптар жастардың әскери қызметке және мемлекеттік шекараны күзетуге деген отаншылдық сезімін қалыптастыруға бағытталған түрлі шараларды ұйымдастыруға келісім жасады.

Қол қою рәсіміне Жазушылар одағы Басқармасы Төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Часовой Родины – Отан сақшысы» апталық ведомстволық газетінің меншікті тілшісі, майор Манарбек Қарекенов қатысты. Келелі жиында екі тараптың да ынтымақтастығының маңыздылығы, әсіресе, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде әдебиеттің рөлі ерекше атап өтілді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі

Жетісу облысы бойынша департаменті

## ЕСКЕ АЛУ

Талдықорған қаласында осыдан 10 жыл бұрын 7 адамның өмірін қиған қайғылы оқиға орын алған еді. Бұл 2014 жылдың 29 қарашасы болатын. Бір үйден бір түнде төрт адам бақилық болды. Анам Дариға Дүйсенбекқызы 58-де, бауырым Еркін Ахметұлы 27 жаста, жеңгем Әдемі Қайратқызы 25 жаста, нағашы қарындасым Аружан 6 жаста болған еді.

Сол апаттан ауыр халде Алланың қалауымен аман қалған қызы 28.06.1994 жылы дүниеге келген Салтанат, 5 күн комада жатып есін жиды. Ал 6-айлық немере 29.05.2014 жылы дүниеге келген Ахмет Ернұр Еркінұлы көрер жарығы болып, перішесі қағып аман қалды. Ауыр қазаны көтере алмаған әкем Ахмет Қожаханұлы 2020 жылы мамырда өмірден озды. Өкенің орны бөлек қой, ол бізге асқар тау еді.

Осы әулеттің ұйытқысы, бәйтерегі, қорғаны болған Сарқыт апамыз балаларының артында жүрегі қақ айырылса да, белін буып еңсесін тік көтеріп, артында бар оңалар деп, қолдап қоршап келеді.

Өткен жақындарымызды сағынышпен еске аламыз. Жарқын бейнелері жадымызда. Өмірде жарқын іздері қалған жандардың жұмақтың төрінде рухы жайнап тұрса екен.

Еске алушы туыстары атынан: баласы, бауыры Рыскалов Ержан Ахметұлы

## МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС

Талдықорған

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
Осы ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.  
Тапсырыс №1264 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г күелігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.